

## Ортаңғы жас тобы

### Мерекелік іс-шаралар: "Ер - елінің қорғаны"

**САЛТАНАТТЫ ЖИЫННЫҢ ТАҚЫРЫБЫ:** "Ер - елінің қорғаны"

**САЛТАНАТТЫ ЖИЫННЫҢ МАҚСАТЫ:** Балаларға қуанышты, салтанатты мерекелік көңіл-күй сыйлау; спортпен шұғылдануға ынталандыру; Отанға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу; балаларда еріктік қасиеттерді, мақсаттылықты, төзімділікті қалыптастыру.

#### **ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**

##### **1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**

Интерактивті тақта, музыкалық аппарат, гимнастикалық шеңберлер, доп, қолғап, сабын, тоқылған бөкебай.

#### **ЕРТЕҢГІЛІКТІҢ БАРЫСЫ**

##### **КІРІСПЕ БӨЛІМІ**

Залға ұл балалар кіреді.

Марш жасап, екі қатарға тұрады.

Педагог:

- Халқымызда «Ер - елінің қорғаны» деген аталы сөз бар. Сіздерді 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Аға ұрпақ пен жас буынның Отанымызды қорғап, қызметте айтулы үлес қосқанын біз әрқашанда мақтан тұтамыз.

Педагог:

- Біздің Отанымыздың болашақ қорғаушылары, тобымыздың ұлдарының дайындаған әнін қабыл алыңыздар!

**Ән**

Әннен кейін балалар орындарына барып отырады.

##### **НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Залға әуенмен Әже кіреді.

Педагог:

- Сәлеметсізбе Әже! Сізге не болды? Неге көңілсізсіз?

Әже:

- Сәлеметсіңдер ме! Менің немеремді әскерге алып кетпекші. Ол өзі сондай ерке.

Кейде жалқаулығы ұстап қалатыны бар.

Педагог:

- Немереңізді осы жерге шақырайық.

Залға әуенмен Жалқаубек кіреді.

Жалқаубек:

- Бәріне сәлем!

Әже:

- Міне менің немерем. Мен оны әскерге дайындағанмын. Суреттер көрсеттім.

Әскер туралы әңгімелер айтып бердім.

Педагог:

- Өзі спортқа жақын емес секілді. Әскерге күштері мықты, спортқа жақын балаларды алады. Қазір біз сіздің немереңізден нағыз әскери адамды дайындаймыз!

Ортаға 3-4 бала шығады:

Бір, екі, үш,

Бойға жинап күш.

Шынығамыз жастай біз,

Жаттығуды бастаймыз.

Педагог:

- Жалқаубек, денсаулығын мықты болу үшін көп спортпен шұғылдану керек.

Педагог:

- Спортшыларым менің рақмет сендерге! Орындарына барып отырыңдар.

Жалқаубек көрдің ме, біздің топтың балалары спортқа жақын. Спортпен шұғылданғанды жақсы көреді. Ал біздің қыздарымыз әнді қалай керемет айтады. Қарсы алыңыздар, тобымыздың қыздарынан тамаша ән!

**Ән**

Педагог:

- Әже, қазір енді немереңіздің мергендігін тексеретін боламыз.

**Ойын "Кім мерген?"**.

Ойын барысы: балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта 4 баладан. Екі бала гимнастикалық шеңберлерді ұстап тұрады. Екеуі гимнастикалық шеңберге допты дәлдеп лақтыру керек. Ең көп допты дәлдеп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді.

Әже:

- Менің Жалқаубегім мерген ғой! Сенде үмітім бар.

Педагог:

- Жақсы ойын болды. Әже, Жалқаубек балалардың бүгінгі мерекеге жаттап келген тақпақтарын қабыл алыңыздар!

### **Балалардың тақпақтары.**

Балалар тақпақтарын айтып болғаннан кейін, орындарына барып отырады.

Педагог:

- Балалар сендер білесіңдер, әскерге барған кезде туған туыстарын сендерге әртүрлі сәлемдеме жібереді. Қазір сендермен бізде әскердегі солдаттарға сәлемдеме жинап береміз.

### **Ойын "Сәлемдемені кім жылдам жинайды?".**

Ойын барысы: ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Әр топтың алдында түрлі заттар болады. Ойынға қатысушы балалар үстелдің үстіндегі заттарды (қолғап, сабын, тоқылған бөкебай және т.б.) жылдам себетке салу керек. Ең көп заттарды себетке жинаған топ жеңіске жетеді. Ойын педагогтің белгісінен кейін басталады.

Педагог.

- Міне, сәлемдемені де дайындап қойдық.

Әже:

- Менің Жалқаубегім жылдам екен. Менімше ол әскерге дайын. Осы қуанышты сәтті сендермен бөлісу бұйырыпты. Осыған орай көңілді би билесек қалай қарайсыңдар?

Педагог:

- Тамаша! Тобымыздың балаларынан керемет биді қабыл алыңыздар!

### **Би**

Педагог:

- Бүгін біз болашақ Отан қорғаушы ұлдарымызды ғана емес, әкелеріңізді де құттықтаймыз, олар туралы ән айтайық.

### **Ән**

Әннен кейін барлығы орындарына барып отырады.

Әже:

- Менің Жалқаубегім! Әскерде лайықты сарбаз бол! Мен сенімен мақтан етемін! Балалар, ал сендер қандай ұйымшылсыңдар! Мықтысыңдар! Әрдайым осы қалыпта болыңдар! Ал біз немерем екеуміз кеттік. Әскерге сөмке дайындауымыз керек. Сау болыңдар!

Кейіпкерлер қоштасып, залдан шығып кетеді.

### **ҚОРЫТЫНДЫ**

Педагог:

- Бүгінгі мереке құтты болсын! Жігіттерімізге амандық, денсаулық тілейміз.  
Еңселеріңіз биік, мерейлеріңіз үстем болсын!

